

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 56/16 "2021-2023 жылдарға арналған Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2021 жылғы 16 наурыздағы № 3/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 наурызда № 7180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 1-тармағына, 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 56/16 шешіміне (2021 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7017 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 351 248,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 23 459 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 327 789,4 мың теңге;

2) шығындар – 358 784,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -7 536,1 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7 536,1 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 7 536,1 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Шал ақын ауданы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Д. Рогалев

Солтүстік Қазақстан облысы

Шал ақын ауданы мәслихатының

хатшысы

О. Амрин

Солтүстік Қазақстан облысы Шал

ақын ауданы мәслихатының

2021 жылғы 16 наурыздағы

№ 3/1 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы

Шал ақын ауданы мәслихатының

2021 жылғы 8 қаңтардағы

№ 56/16 шешіміне

1-қосымша

2021 жылға арналған Шал ақын ауданы Сергеевка қаласының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
		1) Кірістер:	351 248,4
1		Салықтық түсімдер	23 459
	04	Меншікке салынатын салықтар	23 459
	1	Мүлікке салынатын салықтар	403
	3	Жер салығы	3 774
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	19 282
4		Трансферттердің түсімдері	327 789,4
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	327 789,4
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	327 789,4
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы мың теңге

	Бағдарлама		
		2) Шығындар:	358 784,5
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26 749
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26 749
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 549
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	1 200
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	151 162,4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	151 162,4
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6 749
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	144 413,4
12		Көлік және коммуникация	180 873,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	80 105
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	80 105
	045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	100 000
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	768,1
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-7 536,1
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	7 536,1
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Сомасы
	Сыныбы	Атауы	мың теңге
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	7 536,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	7 536,1
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	7 536,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК